



ҰЛЫ ӘЛ-ФАРАБИДІҢ КҮЗГІ ПОРТРЕТІ



ҚазҰУ студенттері мен Алматы қаласының еріктілері Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің портретін «бейнеледі», ол үшін «күздік бояулар» – жапырақтар пайдаланылды.

Еліміздің жетекші университеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың стадионында ерекше туында – Әл-Фарабидің бейнесі пайда болды, бұл кездейсоқтық емес. Университет әлемде адамзаттың Екінші ұстазы аталатын ұлы философ әрі ғалымның есімімен аталады. Биыл ЮНЕСКО қарамағында Әл-Фарабидің 1150 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өтілуде. Жастар бұл көркем туындыны мерейтойлық жылға арнады.

ҚазҰУ шығармашылық топқа күрделі көркемдік шараны ұйымдастыруға қолғабыс етті. Идеяны жүзеге асыру үшін таңнан кешке дейін екі күндік дайындық жұмыстары жүргізіліп, Алматы парктері мен саябақтарынан жиналған бірнеше жүк көлік жапырақтары жұмсалды. ҚазҰУ стадионы қолдан жасалған биіктігі 76 метр және ені 66 метрді құрайтын орасан зор Әл-Фарабидің ғажайып портретімен безендірілді. Ерекше шығармашылық флэш-мобтың қатысушыларының пікірінше бұл ұлы ойшылдың әлемдегі ең үлкен бейнесі. Ал, оны жасауға Әл-Фарабидің қазақ жерінде туылуы және ортағасырлық еуропалық Ренессансқа бастау

берген ғұламаның бай шығармашылық мұрасы еріктілерге шабыт берді.

Әл-Фарабидің портретін жапырақтармен бейнелеген – жас суретші Джохар Юнусов, ол белгілі тұлғалардың, тарихи қайраткерлердің және замандастарымыздың бейнелерін әртүрлі материалдардан және қалыптан тыс түрде жасайды. Оған қаланың әр түрлі университеттерінен келген ниеттестері көмектеседі. Жақында ғана талантты жас жігіт үлкен автотұрақта Абайдың портретін сумен «бейнелеп», бұл туындысын қазақтың ұлы ақыны мен ағартушысының 175 жылдығына арнады.

Ұшар биіктен Әл-Фарабидің портреті тек өзінің көлемімен таңқалдырып қана қоймай, сонымен бірге ойшылдың көзқарасынан бейне бір өздерінің отандасын жадында сақтап, оның қайырымдылық, бірлік және өзара көмек көрсету туралы баға жетпес идеяларын қолданып келе жатқан өз туған жеріндегі отандастарына деген ризашылықты аңғаруға болады.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ-да дәстүрлі түрде жыл сайынғы «Бірінші курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауы ерекше өтті. Шара онлайн форматында ұйымдастырылып – жастар бойындағы жастық жалын-жігерді танытып, өнер дарындары мен жұлдыздарды ашып жарқыратты!

БІРІНШІ КУРС ТАЛАНТТАРЫ

Биылғы жылы пандемияға байланысты бұл байқау онлайн режимде өткізіліп отыр. Соған қарамастан, өнер мерекесіне қатысуға университет студенттерінің аса зор ықылас танытып, белсенділік көрсетуі аса қуантарлық жағдай.

Биылғы жылы «Бірінші курс таланттары» байқауына бір мыңнан аса өнерлі жастар қатысты. Олар дәстүрлі, эстрадалық және гитарамен ән айту, домбыра, қобыз, пианонода және басқа да аспаптарда ойнау, жас ақындар, ұлттық, классикалық, заманауи би, актерлік шеберлігі номинациясы бойынша бақтарын сынады.

Байқау нәтижесі бойынша жұлдызы жанған жастар, тек шынайы талант, шын дарындар орындарымен марапатталды, олардың өнерін көпшілік кеңінен тамашалау үшін университеттің инстаграм желісіндегі бас парақшасында жарияланып отырды. Байқауды көрерменін әсем әнмен тербеп, күмбірлеген күйге бөлеп, мың бұралған биіне тәнті етер өнерпаздардың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарын баптайтын өнер мерекесі ретінде бағалауға болады.

Қашанда, «Өнер мен білім – егіз ұғым!». Білім біліктілікті дамытып, азаматтық тұлға қалыптастырса, өнер адам рухын асқақтатып, биіктерге қанат қақтырады. Жастарға өнер биігіне қаққан қанаттарының ешқашан талмауын тілейміз. Жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жалғасы 7-бетте

Актуальным вопросам деятельности научно-исследовательских и учебно-образовательных центров при факультетах и участию КазНУ в рейтингах QS и THE было посвящено очередное заседание ректората.

Научно-образовательный потенциал

На базе факультетов КазНУ им. аль-Фараби сегодня работает более 20 научно-исследовательских центров, в которых сосредоточен научный и инновационный потенциал ведущего университета страны. Лучшие умы вуза, ученые, докторанты и магистранты вуза работают, содействуя развитию научно-исследовательской, научно-производственной деятельности для повышения эффективности результатов НИОКР и качества обучения, организации инновационной деятельности, реализации образовательных программ и укреплению международного сотрудничества ученых и специалистов.

Продолжение на 2-стр.



РЕКТОРАТ

Продолжение. Начало на 1 стр.

В ходе заседания деканы факультетов – биологии и биотехнологии – Б.К. Заядан, физико-технического – А.Е. Давлетова, механико-математического Д.Б. Жакебаева, информационных технологий – Б.А.Урмашева – представили доклады о деятельности научно-исследовательских и учебно-образовательных центров университета.

Далее состоялось обсуждение презентации, в ходе которого ректор КазНУ Галым Мутанов подчеркнул необходимость активизировать деятельность центров, ориентированную на долгосрочные эффективные проекты. По итогам обсуждения было принято решение ранжировать научно-исследовательские и учебно-образовательные центры в соответствии с их научно-образовательным потенциалом.

Об участии университета в рейтингах QS и THE доложила директор Центра по стратегическому развитию Г.С. Минажева. В этой области университет добился заметных результатов, совершив феноменальный прорыв, поднявшись в глобальном рейтинге QS на

Научно-образовательный потенциал



165 позицию. Но университет не останавливается на достигнутом, ставя цель – войти в топ-100 лучших вузов мира. В связи с этим, были приняты следующие решения: разработать Дорожную карту по

продвижению в рейтинге THE WUR в топ-500 и Программу развития НАО «Казахский национальный университет им. аль-Фараби».

Соб. корп.

Дистанционные образовательные технологии (ДОТ) – это реальность дня. Кто поможет разобраться в диджитал-пространстве, освоить цифровые образовательные технологии? Цифровые волонтеры КазНУ имени аль-Фараби.

ЦИФРОВЫЕ ВОЛОНТЕРЫ

За последние полгода жизнь студентов и преподавателей перешла в онлайн. Но разобраться в диджитал-пространстве бывает совсем непросто. Кто поможет в этой ситуации? Цифровые волонтеры! Это студенты/магистранты КазНУ, который помогают обучающемуся / преподавателю осваивать цифровые образовательные ресурсы и дистанционные образовательные технологии (ДОТ).

Цифровые волонтеры оказывают информационное и техническое сопровождение процесса дистанционного обучения.

Волонтеры помогут вам:
- по техническим вопросам;
- провести тренинг, семинар, курс повышения квалификации;
- проинформировать обучающихся университета о целях, задачах и новых цифровых образовательных инструментах/ресурсов.

Как получить консультацию цифрового волонтера? Заходите на сайт www.kaznu.kz >> Дистанционное образование >> Штаб цифровых менторов >> Цифровые волонтеры.

Соб. корп.

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ОЛИМПИАДАДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы Қазақстан Республикасының он үш жоғары оқу орындарының студенттері қатысқан құқықтану мамандығы бойынша Республикалық онлайн-олимпиаданы жеңіп алды.



Республикалық студенттік онлайн-олимпиада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша өтті. Оған Қазақстан Республикасының 13 жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Олимпиаданың мақсаты – талантты студент жастарды анықтау және қолдау, сондай-ақ болашақ мамандардың арнайы кәсіби қабілеттерін дамыту. Қатысуға жоғары оқу орындарының «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіруші курс студенттері жіберілді.

Олимпиада екі турды қамтыды. Бірінші тур - «ҚР Азаматтық құқығы» және «ҚР азаматтық іс жүргізу құқығы», екінші тур - «ҚР Қылмыстық құқығы» және «ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы». Студенттер «кейс» тапсырмаларын құқықтық практикадан нақты мысалдармен шешіп, қолданыстағы заңнама тұрғысынан нақты, негізделген жауаптар берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасының құрамына 4 курс студенттері: Мұтанбек Мұбаракөв, Аспандияр Ғазизов, Нұрым Тұрлыби, Шыңғыс Рысбек және Айдос Райымқұлов кірді. Жақсы оқитын талантты жастар заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы және тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы ұйымдастыратын және өткізетін барлық іс-шараларға белсенді қатыса отырып, ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетеді.

Олимпиаданың қорытындылары жеке сынақ бойынша шығарылды. Біздің команда лайықты нәтиже көрсетті. Жеке есепте бірінші және екінші орынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері – Мұтанбек Мұбаракөв пен Нұрым Тұрлыби жеңіп алды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасын жеңістерімен құттықтаймыз!

Өз тілшімізден

KAZNU.KZ

Dúnejúzilik qalalar kúnine oraı COMSATS klmát jáne turaqty damý ortalyǵy (CCCS) Tanzaniyanıń ónerkásiptik zertteýler men ázirlemeler uıymymen (TIRDO) birlesip «Jahandyq Óntústikte jyldam damý jáne ýrbanizasia máseleleri» taqyrybynda vebinar ótkizdi, oǵan ál-Farabi atyndaǵy QazÚY geografia jáne tabıǵatty pıdalaný fakúltetiniń turaqty damý IYNESKO kafedrasynıń oqytıshylary qatysty.

Al-Farabi atyndaǵy QazÚY – «COMSATS» bedeldi halyqaralyq úkimet aralyq uıymynyń (óntústikte turaqty damý maqsatyndaǵy ǵylym men tehnologialar jónindegi Komisia) múshesi bolǵan TMD-nyń jalǵyz joǵary oqy orny.

BUU Bas Asambleiasy qurǵan Dúnejúzilik qalalar kúniniń maqsaty halyqaralyq qoǵamdastyqtyń nazaryn ýrbanizasia máselelerine aýdarý jáne turaqty damýdy qamtamasyz etý maqsatynda qalalar problemalaryn sheshýde elder arasyndaǵy yntymaqtastyqqa járdemdesý bolyp tabylady.

QazÚY-dyń geografia jáne tabıǵatty pıdalaný fakúltetiniń turaqty damý boıynsha IYNESKO kafedrasynıń oqytıshylary qatysqan «Jahandyq Óntústikte jyldam damý jáne ýrbanizasia máseleleri» taqyrybyndaǵy vebinar jahandyq Óntústik elderiniń aldynda turǵan ýrbandalıdyń negizgi máselelerine arnaldy.

Al-Farabi atyndaǵy QazÚY nuraqty damý boıynsha IYNESKO kafedrasynıń qaýymdastyrylǵan profesory B.Edilbaevtyń «Qala-kólik ekologiasynıń máseleleri» atty baıandamasy qatysyshylardyń qyzyǵyshlyǵyn týdyrdy.

QazÚY-da dástúrlı túrde jyl sayınyǵ «Birinshi kýrs talantтары» kórkemónerpazdar baıqaýy erekshe ótti. Shara onlain formatynda uıymdastyrylyp – jastar boıyndaǵy jastyq jalyn-jigerdi tanytyp, óner daryndary men juldyzdardy ashyp jarqyratty!

Bylǵy jyly pandemiaga bailanysty bul baıqaý onlain rejimde ótkizilip otyr. Soǵan qaramastan, óner merkesine qatysýǵa ýniversitet stýdentteriniń asa zor yqylas tanytyp, belsendilik kórsetýi asa qýantarlyq jaǵdaı.

Bylǵy jyly «Birinshi kýrs talantтары» baıqaýyna bir myńnan asa ónerli jastar qatysty. Olar dástúrlı, estradalyq jáne gitaramen án aitý, dombyra, qobyz, pioninoda jáne basqa da aspaptarda oınaý, jas aqyндar, ulıtyq, klasikalıyq, zamanayı bı, aktórlık sheberligi nominasiasy boıynsha baqtaryn synady.

Baıqaý nátijesi boıynsha juldyzy jangán jastar, tek shynay talant, shyn daryндar oryndarymen marapattaldy, olardyń ónerin kópshilik keńinen tamashalaýy úshin ýniversitetiń instagram jelisindegi bas paraqshasynda jarıalanyp otyrdy. Baıqaýdy kórerimenin ásem ánmen terbep, kúmbirlegen kúge bólep, myń buralǵan biıne tánti eter ónerpazdardyń júzden júirik, myńnan tulparын baptaitын óner merkesi retinde baǵalaýǵa bolady.

Qashanda, «Óner men bilim – egiz uǵym!». Bilim biliktilikti damyтыp, azamatтыq tulǵa qalyptastyrsa, óner adam rýhyn asqartatyp, biikterge qanat qaқтыrady. Jastarǵa óner biigine qaqqan qanattarynyń eshqashan talmaýyn tilemiz. Jeńisterinińben shyn júreктен quttyqtayмыз!

Ál-Farabi atyndaǵy QazÚY komandasы Sliwkombanalno Kazakhstan Esports Student League CS:GO Season 1 júldegerleriniń qatarına kirip, tamasha nátije kórsetti.

Kazakhstan Esports Student League CS:GO Season 1 kezeńi aiaqtaldy. Uıymdastyryshylar: NESA stýdentteriniń Kibersporttyq qaýymdastyǵy @nesa.kz, "Halyq" qaıyrymdylyq qory, Ulıtyq Olimpiada komiteti @olympickz, QCF qoldaýymen Nursultan Nazarbaevtyń bilim berý qory.

Birinshi maýsymda jetti ýniversitetiń quramalary qatysty: Al-Farabi KazNU UIB, Astana IT University, KBTU, AUES, İTU jáne Satbayev University, olar ishki jarystardyń nátiжелeri boıynsha qalyptastyrylatyn bolady. Týrnirdiń екінші maýsymınan bastap barlyq qalǵan JOO-lar úshin National Esports Student Association-ǵa kirý múmkindigi ashylady.

Birinshi oryndy, ROBOTAIM QBTÝ komandasы ielendi. Al-Farabi atyndaǵy QazÚY komandasы Sliwkombanalno екінші orын alyp, laıyqty nátije kórsetti. Úzdik úshıtki UIBgods aiaqtady.

Qatysyshylar men jeńimpazdardy jeńisterimen quttyqtayмыз!

ЛИДЕРЛІК ДӘРІС

ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық «Лидерлік дәріс» өткізді.

логикалық философиясының жаңа қырлары» атты вебинар-дәріспен жалғасып, онлайн форматта ұйымдастырылды. Дәрісті Египет Араб Республикасының араб тілі бағдарламаларының әдістемелері бойынша шақырылған маман, профессор Махмуд Абулхафиз Халафалла оқыды. Шараға Мысыр, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да алыс шетелдердің ғалымдары қатысты.

Дәрістен кейін ұлы ойшылдың философиялық тұжырымдамалары талқыланды, оған алыс және жақын шетел тыңдаушылары белсенді қатысты. Шара соңында қатысушылар өз әсерлерімен бөлісіп, көптеген көкейкесті сауалдарға жауап алынды.

Шығыстану факультеті

Еліміздегі ЖОО-да магистратура, PhD докторантурада оқитын жас ізденушілер білімін шыңдау үшін көп мүмкіндіктерге ие болуда. Олар Білім және ғылым саласы бойынша жарияланып жатқан әртүрлі жобалар мен бағдарламалар аясында шет мемлекеттерде білімін жетілдіріп, шетелдіктермен тәжірибе алмасып, көрген-білгендері мен көкейге түйгендерін ел игілігіне жұмсауды көздеуде.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Әлемдегі рейтингі жоғары университеттермен халықаралық ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлықты дамыту – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басты бағыттарының бірі. Терең ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жас ғалымдарын өркениетті мемлекеттердің алдыңғы қатарлы оқу орындарына, ғылыми-зерттеу орталықтарына іссапарға, ғылыми тағылымдамаға жіберіп отырады. Осы орайда докторантурада таңдаған ғылыми-зерттеу тақырыбым бойынша Ernst Mach Grant – worldwide, Словак Республикасының Ұлттық шәкіртақысы секілді екі бірдей бағдарламаға қатысып, әлемдік деңгейдегі рейтингісі жоғары Вена экономика және бизнес университеті мен Философ Константин университетінің жеңімпазы, яғни, грант иесі атануым. Ғылыми-зерттеу жұмыс бойынша университеттердің ғылыми-зерттеу орталықтарында, кітапханаларында жүргізген ізденістерім мен тыңдаған дәрістерімнің берері ұшан-теңіз. Әсіресе, Е. Wüster негізін қалаған «Вена терминология мектебі» нағыз ғылым ордасы. Сол жерден алған білімім мен жинаған мол дерекқорым диссертация тақырыбымдағы академиялық терминология мәселелерін шешуде мол мүмкіндіктерге қол жеткізді. Сонымен қатар Вена экономика және бизнес университетіндегі зерттеушілер үшін жасалған тамаша жағдайлар, техниканың соңғы әрі озық үлгілерімен жабдықталған кабинеттер мен зертханалар, ғылыми әдебиеттің мол қоры, тіпті сирек кездесетін қолжазбалармен зерттеу жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз

етілуі, бәрі-бәрі барлық оқырмандар мен зерттеушілер үшін өте ыңғайлы әрі тиімді. Қос бағдарламаның тізгінін ұстауға себепші – «6D021300 Лингвистика» мамандығы бойынша ғылыми бағыт-бағдар берген филология және әлем тілдері факультетіндегі жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасындағы ұстаздарым мен докторлық диссертация тақырыбын ұсынған ғылыми жетекшім, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Б. Бектемирова. Ғылым жолында инемен құдық қаза отырып, мыңдаған шақырым жерлерге сапар шегіп, қол жеткізген жетістіктер орасан зор және алған әсер жан тебіртеді. Осы баға жетпес жетістіктердің бастауы – қарашаңырық ҚазҰУ!

Ғылым саласындағы жастар – қазақ қоғамының болашақ элитасы. Жастар қашан да қоғамның қозғаушы күші. Ғылыми дұрыс жолға қойылған елдің келешегіне деген бағдары айқын. Жастарды шетелдерге әртүрлі ғылыми-зерттеу тәжірибелеріне жіберу өте орынды саясат. Ұлттық ғылымды дамыту әлемдік кеңістікке шығудың бірден-бір тиімді мүмкіндігі. Еліміз жастарға осындай мүмкіндіктерді қолданудың барлық жолдарын ашып қойған. Біздің елдің жастары бақытты!

Н. ӨТЕМҒАЛИЕВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының PhD докторанты

С. БЕКТЕМИРОВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ф.ғ.к. доценті

Жеңіс тұғыры

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы Sliwkombanalno Kazakhstan Esports Student League CS:GO Season 1 жүлдегерлерінің қатарына кіріп, тамаша нәтиже көрсетті.

қалыптастырылатын болады. Турнирдің екінші маусымынан бастап барлық қалған ЖОО-лар үшін National Esports Student Association-ға кіру мүмкіндігі ашылады.

Бірінші орынды ROBOTAIM ҚБТУ командасы иеленді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы Sliwkombanalno екінші орын алып, лайықты нәтиже көрсетті. Үздік үштікті UIBgods аяқтады.

Қатысушылар мен жеңімпаздарды жеңістерімен құттықтаймыз!

Өз тілшімізден

Kazakhstan Esports Student League CS:GO Season 1 кезеңі аяқталды. Ұйымдастырушылар: NESА студенттерінің Киберспорттық қауымдастығы @nesa.kz, "Халық" қайырымдылық қоры, Ұлттық Олимпиада комитеті @olympickz, QCF қолдауымен Нұрсұлтан Назарбаевтың білім беру қоры. Бірінші маусымда жеті университеттің құрамалары қатысты: Al-Farabi KazNU UIB, Astana IT University, KBTU, AUES, ITU және Satbayev University, олар ішкі жарыстардың нәтижелері бойынша

УРБАНИЗАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дүниежүзілік қалалар күніне орай COMSATS климат және тұрақты даму орталығы (CCCS) Танзанияның өнеркәсіптік зерттеулер мен әзірлемелер ұйымымен (TIRDO) бірлесіп «Жаһандық Оңтүстікте жылдам даму және урбанизация мәселелері» тақырыбында вебинар өткізді, оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география және табиғатты пайдалану факультетінің тұрақты даму ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – «COMSATS» беделді халықаралық үкіметаралық ұйымының (оңтүстікте тұрақты даму мақсатындағы ғылым мен технологиялар жөніндегі Комиссия) мүшесі болған ТМД-ның жалғыз жоғары оқу орны.

БҰҰ Бас Ассамблеясы құрған Дүниежүзілік қалалар күнінің мақсаты халықаралық қоғамдастықтың назарын урбанизация мәселелеріне аудару және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында қалалар проблемаларын шешуде елдер арасындағы



World Cities Day
October 31, 2020
BETTER CITY, BETTER LIFE
Valuing our communities and cities.

The United Nations General Assembly has designated the 31st of October as "World Cities Day". Under over-arching theme of Better City, Better Life, this year the focus will be on "Valuing Our Communities and Cities".

Aim of the day is to focus international community's attention on urbanization as a central issue for development and to promote cooperation among countries in addressing urban challenges towards building sustainable development.

To commemorate the United Nations "World Cities Day" on 29 October 2020 COMSATS Centre for Climate and Sustainability (CCCS) is jointly hosting a webinar in cooperation with its partner institution the Tanzania Industrial Research and Development Organization (TIRDO).

The webinar will focus on key issues of urbanization facing countries in the Global South. The webinar will bring together experts from the Global South to identify challenges of building sustainable urbanization and propose solutions in areas of health, access to clean drinking water, poor drainage system, air pollution, solid waste management, carbon emissions and environmental degradation.

SPEAKERS


Prof. Demao Li


Prof. Ebrahim Moghimi


Dr. Bauyrzhan Yedilbayev


Prof. Akhtar Ali Shah


Dr. Omer Kamal Alebeid


Ms. Kunda Sikazwe


Prof. Julius B. Leju

Challenges of Rapid Urbanization in the Global South

Thursday, 29th October, 2020
at 03:00 p.m. (GMT +5)

Meeting Link:
<https://us02web.zoom.us/j/848730358277>
pwd=dUTRWBVfVzVSRVfQjQUBfNBOUTUT09
Meeting ID: 848 7303 5827 Passcode: 032261

for Information Please Contact
Mr. Saifullah Dilazak
Email: saif.ccs@comsats.org

ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады.

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары қатысқан «Жаһандық Оңтүстікте жылдам даму және урбанизация мәселелері» тақырыбындағы вебинар жаһандық Оңтүстік елдерінің алдында тұрған урбандалудың негізгі мәселелеріне арналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының қауымдастырылған профессоры Б.Еділбаевтың «Қала-көлік экологиясының мәселелері» атты баяндамасы қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Вебинарға жаһандық Оңтүстік елдерінің сарапшылары қатысты. Өз баяндамаларында олар тұрақты даму, урбанизация мәселелерін шешу жолдарын, денсаулық сақтау, таза ауыз суға қол жеткізу, дренаждық жүйенің нашарлығы, ауаның және қоршаған ортаның ластануы, қатты қалдықтарды басқару, көмірқышқыл газының шығарындылары сияқты салалардағы жобалар мен шешімдерді ұсынды.

Өз тілшімізден

Халықаралық қатынастар факультеті «Қазіргі халықаралық қатынастардағы Қазақстан: тәуелсіздік тұғырымен» атты халықаралық онлайн-конференция өткізеді

ҚазҰУ ректоры, академик Ғ.М. Мұтановтың 2018 жылғы 15 қазандағы «Университет кафедраларының кәсіптік мекемелер, ұйымдар мен өндіріс базаларында филиал ашу» туралы бұйрығы негізінде Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы бірнеше мекемелермен келісімге келіп, қазіргі таңда жұмыстар атқарылуда.

ҒЫЛЫМИ ТӘЛІМГЕРЛІКТІ ДАМУ

Аталмыш мақсатта ЮНЕСКО кафедрасының кафедра меңгерушісі Т. Базарбаева, доцент Р. Алыбаева, оқытушы А. Ошақбай "Экосервис-С" ЖШС филиалының басшылығымен С. Асқаровпен кезекті жұмыс кездесуі өтті.

Кездесуде филиалдың оқу-әдістемелік, ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми бағыттар бойынша жұмыстары, магистранттардың тәжірибеден өтуі және бірлескен ғылыми жобаларды әзірлеу, сондай-ақ ПОҚ мен магистранттардың ғылыми зерттеулерге қатысу мүмкіндігін қарастыру бойынша жұмыс жоспары талқыланды.

Ғылыми зерттеулер жобалары бойынша ғылыми тәлімгерлікті дамыту және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мүддесінде ғылым мен инновациялық өндірістің интеграциясына атсалысу мәселесі қаралды.

Осындай экологиялық компанияны таңдауымыздың және жұмыс жасауымыздың себептері де жоқ емес. Себебі, "ЭКОСЕРВИС-С" ЖШС жоғары ғылыми әлеуетімен ерекшеленеді. Компанияда төрт ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, үш академик және Халықаралық экология ғылымдары, адам және табиғат қауіпсіздігі академиясының үш корреспондент мүшесі жұмыс істейді (ХЭҒА, Санкт-Петербург қ., Ресей). Компания ХЭҒА-ның ұжымдық мүшесі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі саласы Экологиялық, радиациялық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету, энергия үнемдеу және мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласындағы жұмыстар болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары: табиғатты қорғауды жобалау және нормалау; экологиялық есептеулер саласында бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу; аумақтарды радиометриялық бақылау; ғылыми және зерттеу қызметі; экологиялық аудит және сараптама; ақпараттық жүйелерді әзірлеу; автоматтандырылған өнеркәсіптік экологиялық мониторинг жүйесін құру; өнеркәсіптік және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерді жобалау және салу; радиоактивті қалдықтарды қоса алғанда, қалдықтардың барлық түрлерін мониторингтеу, кәдеге жарату және аумақтарды рекультивациялау бойынша жұмыстар жүргізу; әлеуметтік және табиғатты қорғау бағдарламаларын әзірлеу; топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар; консалтингтік қызметтер.

Компанияда жоғары білікті мамандар, қажетті заманауи жабдықтар, оның ішінде жылжымалы зертхана бар, бұл экологиялық зерттеулердің кең спектрін сәтті орындауға және экологиялық қызметтер нарығында көшбасшылардың бірі болуға мүмкіндік береді.

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы

ӨНЕГЕЛІ ЖОЛ

Дана халқымыз «Оқу инемен құдық қазғандай» дейді. Ал енді ғылымның салмағын ойша есептеп, көзбен елестете беріңіз... Терең білім, кемел ақыл-ой, талмас ізденіс пен қажырлы еңбектің арқасында ғана там-тұмдап жемісін бере бастайтын ғылымнан беті қайтпай, қайсарлықпен биігіне жеткен зерттеуші ғалымдар арасында профессор Гүлдархан Нұрғазықызы Смағұлованың орны ерекше.

Ғалымның қазақ тіл білімі ғылымындағы өзіндік қолтаңбасы қазіргі антропоцентристік (адамға орталықтанған) парадигманың қағидаларымен үндес жатыр. Әлемнің адам санасында сарапталып, қалыптасатын бейнесінің таптырмас тілдік деректері болып табылатын фразеологизмдер профессор Г.Н. Смағұлова зерттеуінде жаңа қырынан танылды. Ғалым адам санасында өмірдің сан алуан жағдайларының басқа бір құбылыстармен өзара ұқсастық байланыс, тамырластық тауып өңделуі, бейнеленуі нәтижесіндегі фразеологизмдерді ұлттық менталитет мен ұлттық таным ерекшеліктері тұрғысынан қарастырды. Ғалымның анықтауындағы көп мағыналы фразеологизмдер ұғымы тікелей тілдік санадағы танымдық үдерістерді дөп басуы барысында өмірге келсе керек. Проф. Г.Н. Смағұлова құбылыстардың адам санасында сарапталу жағдайларының тілдегі деректерін зерттеуде бір ғана фразеологизмдермен шектеліп қалған жоқ. Бұл сала мәселелерін мәтін лингвистикасына арналған ғылыми еңбектерінде «мәтіннің концептуалдық кеңістігі», «концептілік құрылымдар» туралы талдауларында дамытты. Бұдан бөлек өзі ғылыми жетекшілік еткен жас ғалымдар зерттеулері арқылы кеңейтті. Зерттеуші концептуалдық бірліктер қатарында фразеологизмдерді ғана емес, сонымен бірге метафораларды да таныды. Сөйтіп, «метафораларды танымдық механизм» ретінде анықтайтын Дж. Лакофф, М. Джонсонның теорияларын қазақ топырағында «концептуалдық метафоралар» тұрғысынан зерттеуді шәкірттеріне – А. Сыбанбаеваға бастап берді. Бұл проф. Г.Н. Смағұлованың ғылыми мектебі туралы ой төңірегіндегі толғаныстың бастамасы деуге болады.

Ғылымдағы дарын, қабілеттілік және еңбек арақатынасы тұрғысынан зерттеуші еңбектерін зерделгенде, профессор Г.Н. Смағұлованың қабілеттілігі басым-



дық алатыны аңғарылады. Қазақ жазушыларының көркем мәтіндерін талдау кезінде аса нәзік құбылыстарды түйсініп, көптеген зерттеушілер тарапынан тыңғылықты қарастырылған фразеологизмдердің жаңа қырларын ашуы ғалымның мықты табиғи қабілеті мен интуициясынан хабар береді.

Профессор Гүлдархан Нұрғазықызы Смағұлованың қазақ тіл білімі ғылымындағы фразеологизмдер туралы ғылыми тұжырымдарының зерттеушілер тарапынан басшылыққа алынуы, ал мәтін лингвистикасына қатысты еңбектерінің жоғары оқу орындарында оқулыққа айналуы - ғалымның ғылымда өрілген өнегелі жолының куәсі. Қазақ ұлттық ғылымына осындай салмақты үлесін қосқан профессор Гүлдархан Нұрғазықызы Смағұлованы 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, мықты денсаулық және ғылыми шығармашылық табыс тілейміз.

А. ТАУСОҒАРОВА,
жалпы тіл білімі және
еуропа тілдері кафедрасының
доценті, филология
ғылымдарының кандидаты

Еңбек – бәрін де жеңбек. Әркім өз уақытын еңбегінің көлемімен өлшегені – ең дұрыс жол. Әрбір істі жақсы істеу үшін оны жақсы көру қажет. Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса, білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет қандай іс істесек те содан рахат табу соның рахатын көру біздің мақсатымыз болыптабылады. Еңбекті жан-тәнімен сүймейінше, ешбір талант та, ешбір кеменгер де шықпайды. Ізгі және қажетті жұмыс істеген адам басқа адамнан жоғары тұруы керек.

Мен ешнәрсе істей алмаймын дегенді әркімдер жиі айта береді. Бұл мүлдем қате. Адамшетең істемей тұра алмайды бұған психология да физиология да тағы басқалар да қарсы шығады және онда адам азып құриды... құрығанда ешбір ермек таппай бос сенделіп жүруден құриды.

Еңбек етпесең не қорлықта қаласың не ұрлықта барасың. Нағыз күйреу осы!...

Тіршіліктің негізі – еңбек

Тиісінше еңбек ету денеге күш береді ал жеткіліксіз еңбек күшті қайтарады немесе әлсіз халінде қалдырады. Адамға тамаша әрекет жасауға да оңбаған әрекет жасауға да әуел бастан мүмкін қабілет бар. Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз.

Тіршіліктің ішкі-сыртқы жағдайларын жақсартуға талпыну адам баласына тән нәрсе. Ал еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі. Сіз қашанда бір істі істегіңіз келсе ол іске әуелі ақылыңызды кейін көзіңізді жұмылдырыңыз содан соң ақылыңыз дұрыс десе көзіңіз көріп жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз. Еңбегінің ел кәдесіне жарағанын сезіну адамға үлкен бақыт сыйлайды. Ұлы Абай атамыз: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,

қардың суы секілді тез суалар» - дегендей, еңбекпен табылған ас тәтті әрі сіңімді болады. Еңбек – ырыстың қазығы.

Еңбек – рахаттың атасы. Жұмыс бізді үш түрлі қырсықтан: зерігуден, кемшіліктен және мұқтаждықтан құтқарады. Егер адам еңбекті қаламаса оның ішкі дүниесі қуыс болғаны, жастар алдында «күндіз не істедім?» деген қарапайым сауалға жауап таба алмаса, бұл шын мәнісінде қауіпті де қорқынышты құбылыс. Бұл дүниедегінің бәрі де еңбекке тәуелді. Әрбір істегі ең маңызды нәрсе жұмыс істегіңіз келмеген сәтті күштеп жеңу. Нағыз күштарлық пен сүйіспеншіліксіз қай істе болса да ілгері баспайды. Адам үшін ең ғажабы, ең қымбаты да оның өмірі. Ал өмір тілегі жан-жақты, жігерлі еңбек болмақ. Адам еңбегі тоқыраса, оның тіршілігі детоқырай бастайды. Адам игілігі-өмірде, өмір еңбекте.

Әрбір студент жастарды еңбекке баулу біздің басты парызымыз! Бақыт барын салып еңбектенгенге бұйырады. Сондықтан жастар да еңбектегі әр минут – бір несібе екенін білсе дейміз.

Еңбек тән мен рухани адам жаратылысының және жер бетіндегі адамның тіршілігінің күрделі заңына айналады, ол адам тәнінің адамгершілігі мен ақыл-ойының жетілуінің жағдайы оның адамгершілік ар-ұяты бостандығы мен қуанышы болып табылады. Еңбек ғана адам жанын жарқындылық пен жарастылыққа, өзіне-өзі ризалық сезіміне бөлеп, бақытты ете алады.

М. АСЕМБАЕВА,
доцент

А. НҰРМҰХАНОВА,
жылуфизика және техникалық физика
кафедрасының аға оқытушысы

Елімізде қоғамның әртүрлі салаларында ерен еңбегімен есімдері ел есінде сақталған ірі тұлғалар аз емес. Солардың қатарына республикамыздың білім беру және ғылымының дамуына ерекше үлкен үлес қосқан, сонымен қатар елдегі қоғамдық-әлеуметтік бағыттағы әртүрлі салаларда қызмет еткен Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаевты да жатқызуға болады.



Болашақ ғалым 1910 жылы Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы Аршалы ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Жастайынан білім құмар Т.Б.Дарқанбаев 1931 жылы комсомолдық жолдамамен М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіндегі биология факультетін оқуға түсіп, бес жылдан кейін оны ойдағыдай бітіріп шықты. Сол жылы Қазақстанға оралып, еңбек жолын 1936 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде бастады. 1936-1938 жылдары университеттің ботаника кафедрасында ассистент болып қызмет атқарды.

1938-1941 жылдар аралығында КСРО ғылым академиясының А.Н.Бах атындағы Биохимия институтының аспирантурасында болып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғаннан екі күннен кейін, яғни 24 маусым күні, «Жоғары сатыдағы өсімдіктердегі азоттық қосылыстардың алмасуындағы калийдің маңызы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде Мәскеуде жүріп, Кеңес одағының көптеген жастарының қатарында ол өз еркімен майданға баруға өтініш жазды. Алайда тылға білікті де білімді мамандардың қажет болатындығын ескеріп КСРО ғылым академиясының президенті, академик В.Л.Комаров жас ғалымның өтінішін қабылдап қызбай, республиканың жергілікті табиғи шикізат көздерінен майданға қажетті азық-түлік және техникалық өнімдерін өндіруді дұрыс жолға қою және бөлсендіру бағытында зерттеулер жүргізу үшін, оны Алматы қаласында орналасқан КСРО ғылым Академиясының Қазақстандағы филиалына жұмысқа жібергізді. Осында ол, 1941-1943 жылдар аралығында, аға ғылыми қызметкер дәрежесінде қызметін бастап, бидай дәндерінің кептіру кезіндегі физиолого-биохимиялық ерекшеліктерін зерттеу бойынша алғашқы жұмыстарын бастады.

1943 жылы Т.Б.Дарқанбаев С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне проректорлық қызметке жұмысқа шақырылды. Осы жылдардан бастап ғалымның барлық өмір жолы Қазақстанның ғылымы мен білімін өркендетуге бағышталды. Ректордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметінде университеттегі оқу жүйесінің қырсырын игере отырып, оқу процесіне және әдістемелік жұмыстардың дұрыс жолға қойылуына көп көңіл бөлді. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ол ассистенттіктен бастап, университет ректоры дәрежесі дейінгі жолдан өтті. 1946 жылы ол осы университеттің «Өсімдіктер биохимиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалып, оны 26 жыл бойы басқарды. 1965 жылы осы кафедрада «Өсімдіктердегі заттар алмасуының биохимиясы» деген атпен проблемалық ғылыми-зерттеу лабораториясын ашты. 1953 жылы Мәскеу қаласында «Қазақстанның жаздық бидайының технологиялық қасиеттеріне байланысты биохимиялық сипаттамасы» деген тақырып бойынша докторлық диссертация қорғады.

1955-1961 жылдар аралығында университетті басқарып, Кеңес одағындағы ең алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі болып саналатын Қазақ мемлекеттік университетінің өсіп-дамуына қажымай-талмай еңбек етті. Т.Б.Дарқанбаевтың басшылығымен 1955 жылы Алма-Ата заңгерлік институтының негізінде университетте заң факультеті және физика-математикалық факультет екіге бөлініп физика және механика-математика факультеттері құрылды, 1961 жылы романо-германиялық филология бөлімі ашылды, тарих, филология және физика-математика факультеттерінде қазақ бөлімдері ашылып, басқа да бірқатар факультеттерде бірнеше пәндер бойынша сабақтар қазақ тілінде жүргізіле бастады. Университеттің биология факультетінде биохимия пәнін қазақ тілінде ең алғашқы болып оқыған Т.Б.Дарқанбаевтың өзі болатын. Атақты ғалым ҚазМУ ректоры болып қызмет еткен жылдары білім алушылар саны үш есеге жуық артып, 9 факультетте 25 мамандық бойынша мамандар даярлау жүргізілді. Университетте бірнеше проблемалық ғылыми-зерттеу лабораториялар ұйымдастырылып, олардың материалдық базалары жетілдірілді.

1956-1957 оқу жылынан бастап, білім алу үшін, университетке шет мемлекеттерден студенттер келіп, олардың саны жыл санап өсе бастады. Т.Б.Дарқанбаевтың жетекшілігімен университеттің факультеттері мен кафедраларының және республикадағы әртүрлі өндіріс салаларының арасындағы байланыстар кеңейіп, жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларының өзекті мәселелерін шешуге бағытталды. 1956-1961 жылдары аралығында өнеркәсіптік мекемелермен және шаруашылық ұйымдармен, мысалы, Қостанай жер құрылыс экспедициясымен, Балқаш тау-металлургия, Шымкент май өндіру комбинатымен және республиканың бірқатар өндіріс орындармен келісім-шарттар негізінде университет кафедраларында 32 тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Т.Б.Дарқанбаев 1954 жылы Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі, ал 1958 жылы оның академигі болып сайланды. 1972-1983 жылдары аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының мүшесі және Қазақ КСР Ғылым академиясының Биология ғылымдары бөлімінің академик-хатшысы болып қызмет атқарды. Көрнекті ғалым, әрі тамаша педагог болумен қатар ол Қазақстандағы биология ғылымының дарынды ұйымдастырушысы да бола білді. С.М.Киров атындағы ҚазМУ-де ашылған ғылыми-зерттеу лабораторияларынан басқа, 1968 жылы ҚазКСР ҒА Ботаника институтында «Белок және нуклеин қышқылдары», 1973 жылы осы аталған институтта «Астық тұқымдас дақылдардың биохимиясы» лабораторияларының құрылуы Т.Б.Дарқанбаевтың есімімен тығыз

байланысты. Ол Зооветеринарлық және Қыздар педагогикалық институттарында биохимия кафедраларының құрылуына белсене қатысты.

Т.Б.Дарқанбаевтың абыройы мен тынымсыз әрекетінің арқасында 1983 жылы Кеңес Одағы үкіметінің шешімімен Алматыда, Кеңес одағы кезіндегі және қазіргі таңдағы еліміздің маңдай алды институттарының бірі болып саналатын, Қазақ КСР ҒА-ның академигі М.А.Айтхожин атындағы «Биохимия және молекулалық биология» институты құрылды. Осы институтта ұйымдастырылған «Астық дақылдарының биохимиясы» және С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің «Өсімдіктердегі заттар алмасуының биохимиясы» лабораторияларында дүние жүзіне аттары әйгілі А.Н.Бах, А.И.Опарин, Н.А.Белозерский, Л.И.Курсанов, А.И.Смирнов, В.Л.Кретович сияқты және т.б. Кеңес одағының көрнекті ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып Қазақстанның солтүстік өңірлерінде өсірілетін бидайының биохимиялық және технологиялық қасиеттерін зерттеу бойынша іргелі жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар Т.Б.Дарқанбаевтың басшылығымен республикада алғаш рет темекі дақылының технологиялық сапасын жақсарту мақсатында физиологиялық және биохимиялық зерттеулер жүргізілді.

Т.Б.Дарқанбаев Кеңес одағы ғылымының көрнекті өкілі ретінде көптеген шет елдерде іссапарда болды.

Т. Дарқанбаевтың еңбек жолында республика үшін ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау аса маңызды орында тұрды. Ол ширек ғасыр бойы докторлық және кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі ғылыми Кеңеске жетекшілік етті. Өсімдіктер биохимиясы мен физиологиясы, молекулалық биология және микробиология салаларында қызмет ететін көптеген мамандар Т.Б.Дарқанбаевтың шәкірттері екендігін мақтан тұтады. Ол кісі дайындаған ғылым докторлары мен кандидаттары Қазақстан республикасының, таяу және алыс шет елдердегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында жемісті қызмет етіп келеді.

Үндістан, Польша, Кубаның және т.б. мемлекеттердің университеттерінде дәрістер оқыды. Шет елдер мен Кеңес одағында өткен көптеген Халықаралық конгрестер мен съездерге қатысып, Қазақстандағы дән биохимиясы мәселелері бойынша, соның ішінде белок, нуклеин қышқылдары мен көмірсу алмасуы, өсімдіктердегі бірқатар ферменттерінің белсенділігі мен изоферменттік құрамының дән сапасына әсері бойынша және т.б. зерттеу жұмыстарының нәтижелерін баяндады. 1966 жылы Т.Б.Дарқанбаевтың бастамасымен Алматыда Қазақстан және Орта Азия республикалары биохимиктерінің 1-ші конференциясы өткізілді. Бұдан басқа оның басқаруымен астық дақылдарының өнімділігін және төзімділігін жоғарылатудың физика-биохимиялық негіздері бойынша екі мәрте республикалық ғылыми конференция ұйымдастырылды.

Т.Б.Дарқанбаевтың еңбек жолында республика үшін ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау аса маңызды орында тұрды. Ол ширек ғасыр бойы докторлық және кандидаттық диссертация қорғау жөніндегі ғылыми Кеңеске жетекшілік етті. Өсімдіктер биохимиясы мен физиологиясы, молекулалық биология және микробиология салаларында қызмет ететін көптеген мамандар Т.Б.Дарқанбаевтың шәкірттері екендігін мақтан тұтады. Ол кісі дайындаған ғылым докторлары мен кандидаттары Қазақстан республикасының, таяу және алыс шет елдердегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында жемісті қызмет етіп келеді.

Академик Т.Б.Дарқанбаев 2 монографияның, қазақ тіліндегі оқу құралдарының, астық биохимиясы, энзимология, жалпы биологияның өзекті

мәселелері бойынша жарияланған 230-дан астам ғылыми еңбектер мен бірталай патенттердің авторы. Қазақ кеңес энциклопедиясының мүшесі, әрі ҚКЭ-ның Биология жөніндегі редакциялық кеңестің төрағасы ретінде ол 12-томдық Қазақ кеңес энциклопедиясының жарыққа шығуына үлкен үлесін қосты.

Ғылым мен білім саласындағы еңбегімен қатар, Т.Б.Дарқанбаев республикалық деңгейдегі әртүрлі қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. IV- және V-ші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің халық ағарту және мәдениет жөніндегі Тұрақты комиссиясының төрағасы, Алматы қалалық Кеңесінің депутаты, 1956 жылдан КСРО ғылым Академиясы «Биохимия» журналының редакциялық кеңес мүшесі, 1974 жылдан Бүкілодақтық биохимия қоғамының Қазақстандық бөлімінің төрағасы, Алматы облыстық саяси және ғылыми білім тарату қоғамының төрағасы болды.

Үкімет көрнекті ғалымның еліміздегі биология ғылымының дамуына қосқан елеулі үлесіне, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудағы және қоғамдық жұмыстарына жоғары баға бере отырып, 1954 жылы оған «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақ берді, екі рет «Құрмет белгісі» (1945, 1961), «Ленин» атындағы (1971), «Еңбек Қызыл Ту» (1980) ордендерімен, бірнеше медальдармен және Қазақ КСР Жоғары

Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапаттады.

1934 жылы құрылған С.М.Киров атындағы ҚазМУ-де, қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, еліміздегі білім мен ғылымның өркендеуіне айтарлықтай үлес қосып, мемлекеттік деңгейде қоғамдық жұмыстар атқарған және атқарып келе жатқан азаматтар аз емес. Солардың қатарында академик Т.Б.Дарқанбаев та бар. Елге еңбегі сіңген осындай тұлғалардың университет тарихындағы орны ескеріле отырып, олардың есімдерін еске алу мақсатында университетте әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Солардың қатарына академик Т.Б.Дарқанбаевтың туғанына 90 және 100 жыл толуына орай 2000- және 2010- жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұйымдастырылған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларды атап өтуге болады. Университеттің биология және биотехнология факультетінде Т.Б.Дарқанбаев атындағы оқу аудиториясы ашылды. 2010 жылы «Таңдамалы шығармалар» және «Естеліктер» деген атпен екі томдық, ал 2015 жылы ескелең ұрпақты білім мен ғылым жолына тарту мақсатында университеттегі «Өнегелі өмір» сериясы бойынша «Темірбай Дарқанбаев» атты кітаптар шығарылды.

Көрнекті ғалым, талантты педагог, адамгершілік қасиеті жоғары Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаев 1987 жылдың 13 тамызында дүниеден өтті. Ғылым мен білім беру саласындағы ерен еңбегімен елге танылған, ескең ұрпаққа өнеге боларлық із қалдырған ардақты ғалым-ұстаз Т.Б.Дарқанбаевты еліміздің бетке ұстар азаматтарының қатарындағы ірі тұлғалардың бірі болды деп айтуға болады.

Ә. БРЕЖЕПОВ,
шәкірті, б.ғ.к., доцент

ҚазҰУ-да «Әбу Насыр әл-Фарабидің ислам өркениетіне қосқан үлесі» атты халықаралық онлайн-конференция өтеді

Бұл өмірде артында жақсы ісі, өрелі өнегесі, сүбелі сөзі қалса, онда олар туралы «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты қағида еш уақытта өзінің мән-мазмұнын жоғалтқан емес. Міне, осындай қасиетке ие, ұлтымыздың бір туар ұлағатты ұлы Шоқан Уәлихановтың өмірден өткеніне биылғы жылы 185 жыл болыпты.

Ол өзінің аққан жұлдыздай жарқ етіп өткен қысқа ғұмырында халқына, туған жері мен еліне баға жетпес мұрағаттарын қалдырып кетті. Өткен жылдардағы Елбасының «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың ұлы перзенттері» атты халқына жолдаған бағдарламаларына үндеу қосу ретінде әлемдік деңгейдегі әйгілі саяхатшы-ғалым Шоқан Уәлиханов туралы өз ойымды Қазақ ұлттық университеті оқырмандарына ұсынбақшымыз.

XVIII ғасырдың 30-жылдарында қазақ жерінің Ресей мемлекетіне қосылу үдерісі басталды. Бұл үдеріс 100 жылдан артық мерзімге созылды. Сол заманда дүниеге келген қазақтың біртуар ұлы Шоқанның тарихи танымал тұлға

Шоқан Уәлихановтың отбасы кең байтақ Қазақстан даласына геодезия ғылымының келуіне бірден-бір ықпал етті. Ал өзі болса геодезия, картография ғылымын терең меңгеру арқылы көптеген геодезиялық пландар мен карталарды сызып, мол қорын жасап қалдырды. Осылайша қазақтың ұлы ғалымы азартушысы Ш.Ш.Уәлиханов өзінен кейінгілерге мәңгілік өшпес мұра қалдырды.

болуына бірден-бір себеп, қазақ халқы мен орыс халқының мәдени және саяси экономикалық араласуының нәтижесі еді.


Ол кездегі дәстүр бойынша, сұлтан тұқымының балалары «Жеті жұрттың тілін білу» деген қағидатты ұстанып, Шығыс халықтарының тілдерін оқып-үйренулері тиіс еді. Ол кезде бұл әдет-ғұрып әлі сақталған болатын. Архивтік материалдарға сүйенсек, Шоқан араб, шағатай, ұйғыр, тағы да басқа тілдерді жақсы меңгергенін байқаймыз.

Шоқанның жас кезіндегі үйренуге құштар болған өнері сурет салу, сызу болатын. Бұл өнерді үйренуге сол Құсмырын бекетінде ұзақ уақыт отбасымен бірге тұрған орыстың белгілі суретшілері – топографтар мен геодезисттер ерекше әсер еткен. Солардан осы ғылым салаларының қырсырын үйренген. Шоқанның ғылымға қызығушылығының қалыптасуына әкесі Шыңғыстың орыс ғалымдары мен зерттеушілеріне Қазақстан туралы мәліметтер мен материалдарды дайындауда Шоқанды араластыруы да ерекше әсер еткен.

12 жастағы Шоқанды әкесі Шыңғыс орыс достары арқылы сол кездегі алдыңғы қатардағы оқу орны болып саналатын Омбыдағы Сібір кадеттер корпусына оқуға орналастырады.

Ол кезде кадет корпусының білім беру бағдарламасы өте кең профильді еді, оқу бағдарламасында әскери пәндерден

ГЕОДЕЗИЯ-КАРТОГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАЛЫМЫ



бөлек Ресейдің және басқа елдердің географиясын, тарихын, философия негізін, ботаника, зоология, физика, математика, геодезия, құрылыс-сәулет өнерлерінің басты мәселелерін, сызу, сурет салу пәндерін оқытқан. Бұлардан бөлек корпуста ерекше сынып болған, ол «Шығыс тілдер сыныбы». Онда

Сонымен қатар, қазақ халқының данышпан перзенті, алғашқы азартушы-философы, тұңғыш ғалым-саяхатшысы орыс және шетел ғалымдарын қазақ жерінің географиялық жағдайымен, жан-жануарлар дүниесімен, халқының ауыз әдебиетімен, өлең-жыр, салт-санадәстүрлерімен кеңінен таныстырады. Шоқан Ыстықкөл, Құлжа саяхаты барысында бұрын дүниежүзі ғылымына беймәлім материалдарды тапты. Соның ішінде атақты «Манас» эпосын жазып алып, үзінділерін орыс тіліне аударып жариялады. Сондай-ақ Шоқан зерттеуіне дейін қырғыз, қазақ халқын ешбір айырмай бәрін де «қырғыз» деп келсе, ғалым: «Бұл екі халықтың тіл жағынан да, үрім-бұтақ, әдет-ғұрып жағынан да айырмашылығы бар» деп айтып көрсетті.

Ш.Уәлихановтың 1858-1859 жылдары Қытайдың батыс провинциясы «Алты Шаһарды» зерттеп қайтуының дүниежүзілік мәні зор болды. Өйткені бұл өңірдің қақпасы еуропалықтарға жабық болып, бұрын ғылымға беймәлім еді. Шоқанға дейін онда тек қана кезінде Марко Поло, Иезуит Гассен және неміс ғалымы Шлагинвейттер болғанды. Бірақ олардың ешқайсысы «Алты Шаһар» туралы ешбір елеулі ғылыми

деректер бере алмаған еді. Шоқанның бұл сапардан алып қайтқан өте құнды этнографиялық, экономикалық, географиялық, геологиялық, геодезиялық, картографиялық материалдардың маңызы айрықша еді.

Ол зерттеу жұмыстарын орындау барысында жүрген жерлерінің картасын қолдан сызып, онда барлық нақтылы мәліметтерді геодезия-картография тілімен көрсетіп отырған. Оның орындаған жұмыстары сол кездегі орыс ғалымдарымен жоғары бағаланып, оны Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі етіп қабылдаған. Ол географиялық қоғамда К.Риттердің еңбектерін шығаруға қатысты және Қазақстан мен Орталық Азияның географиясы мен этнографиясын құрастырды. Одан кейін ол өзінің қысқа өмірінде қаншама саяхаттарға қатынасып, география, геодезия, этнография салаларында қаншама құнды мәліметтер жинап, ғылыми еңбектер жазып, карталар, сызбалар орындаған.

Іле Алатауы өңірінде болған кезінде ол алғаш рет Ыстықкөл аймағының картасы мен топографиялық сызбаларын жасаған. Оның соңында экспедициямен болған жерлерінің топографиялық, картографиялық деректерін сипаттайтын көптеген материалдар қалды. Осы тұрғыдан алғанда, оны қазақтың геодезия-картографиясы саласы бойынша тұңғыш ғалымы деп атауға болады.


Т. ПЕНТАЕВ,
т.ғ.д., картография және геоинформатика кафедрасының профессоры,

А. АСЫЛБЕКОВА,
Ph.D, доцент м.а., картография және геоинформатика кафедрасының меңгерушісі

түрік, монгол, араб және парсы тілдерін оқытқан. Оқу бағдарламасының негізгі бөлігін география пәні иемденген, оның ішінде Қазақстан географиясына көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, географиямен тығыз байланысы бар геодезия, сызбалы геометрия, топографиялық сызу және архитектура пәндеріне көп көңіл бөлінген. Осыған қарап, орта білім беру оқу орнында берілетін біліммен салыстырғанда Омбы кадет корпусында жоғары білімді және жан-жақты мамандар дайындайтын білім берген.

Сол кезде кадет корпусында бірге оқыған, ең жақын досы болған Г.Н. Потанин өзінің естеліктерінің бірінде былай деп жазады: «Шоқан 14-15 жасқа жеткен кездің өзінде-ақ бәрімізден бір саты жоғары тұрды. Кадет бастықтары оған болашақ зерттеуші немесе ғалым деп қарай бастады». Шоқан жасынан шығыстың тілін, мәдениетін жақсы білетін ориенталист болды. Сол үшін де Шоқанды Дуров, Семенов, Потанин, Ядринцев, тағы басқалары жоғары бағалаған.

1853 жылы 18 жасында Шоқан кадеттер корпусын аяқтап, армия кавалериясы бойынша корнет болып орналасады. Ол 1854-1857 жылдары генерал Г.Х.Гасфортпен бірге Орталық Қазақстанға, Жетісуға, Тарбағатайға саяхат жасайды. Сол кезде негізінен геодезия, картография материалдарын көптеп орындайды.



Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН КӨРСЕТКЕН КАРТАСЫ. 1850 ж. КАРТА КАЗАХСКОЙ СТЕПИ XVIII ВЕКА, ВЫПОЛНЕННАЯ Ч. УАЛИХАНОВЫМ. 1850 г.

В научной библиотеке КазНУ состоится презентация книг «Несбыточная надежда» и «Горе и судьба» Сауле Досжан

Жалғасы. Басы 1-бетте

**«Эстрадалық ән»
номинациясы бойынша**

I орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Арайлым Берікова

II орын

Заң факультетінің студенті
Айсана Кисметова

III орын

Философия және саясаттану факультетінің студенті
Іцкәр Байтұрған

**«Классикалық ән»
номинациясы бойынша**

I орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Әділет Хусайнов

II орын

Физика-техникалық факультетінің студенті
Адина Кошмағанбет

**«Дәстүрлі ән»
номинациясы бойынша**

I орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Аружан Байдилла

II орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Айназ Қайратова

III орын

Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті
Тоғжан Шадина

**«Гитарамен ән айту»
номинациясы бойынша**

I орын

Философия және саясаттану факультетінің студенті
Қастер Көпеев

II орын

Философия және саясаттану факультетінің студенті
Айбол Пернебек

III орын

Физика-техникалық факультетінің студенті
Айболат Байдашев

**«Халықтық би»
номинациясы бойынша**

I орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Нұрсауле Аманжан

II орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Мөлдір Разақбергін

III орын

Тарих, археология және этнология факультетінің студенті
Аружан Жанабай

«БІРІНШІ КУРС ТАЛАНТАРЫ-2020» көркемөнерпаздар байқауының жеңімпаздары

II орын

Химия және химиялық технология факультетінің студенті
Аякөз Ыбайхан

II орын

Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті
Бауыржан Орынбасаров

II орын

Философия және саясаттану факультетінің студенті
Асия Умбеталиева

III орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Айнур Ғалымжанова

III орын

Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті
Аяулым Ануар

III орын

Физика-техникалық факультетінің студенті
Зарина Мейрашева

III орын

Заң факультетінің студенті
Шапағат Нұрдаулет

**«Қазіргі заманауи би»
номинациясы бойынша**

I орын

Филология және әлем тілдері факультетінің студенті
Мадихан Балмағанбет

I орын

Медицина және денсаулық сақтау факультетінің студенті
Арайлым Жұман

I орын

Физика-техникалық факультетінің студенті
Дильназ Орынтаева

II орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Малика Абулхайрова

II орын

Физика-техникалық факультетінің студенті
Зарина Мейрашева

II орын

Химия және химиялық технологиялар факультетінің студенті
Әсел Момбек

II орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Камила Кадинова

III орын

Шығыстану факультетінің студенті
Мерей Бостан

III орын

Химия және химиялық технология факультетінің студенті
Құндыз Темірғали

III орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Жандос Юлдашев

**«Жас ақындар»
номинациясы бойынша**

I орын

Филология және әлем тілдері факультетінің студенті
Алуа Асқар

II орын

Тарих, археология және этнология факультетінің студенті
Дана Мұханбетжан

III орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Балжан Утегенова

**«Домбырада ойнау»
номинациясы бойынша**

I орын

Филология және әлем тілдері факультетінің студенті
Мадихан Балмағанбет

II орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Еркін Құрманбай

III орын

Биология және биотехнология факультетінің студенті
Адина Ауесхан

III орын

Заң факультетінің студенті
Қаламқас Меллат

**«Қобызда ойнау»
номинациясы бойынша**

I орын

Журналистика факультетінің студенті
Аружан Құттымұратқызы

II орын

Филология және әлем тілдері факультетінің студенті
Назерке Нарзулла

**«Фортпианода ойнау» номинациясы
бойынша**

I орын

Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті
Аида Бегайдарова

II орын

Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті
Инкар Абрашитова

III орын

Шығыстану факультетінің студенті
Шахислам Кажен

III орын

Журналистика факультетінің студенті
Батыржан Жұмаділов

III орын

Экономика және Бизнес жоғары мектебінің студенті
Адель Өсербекова

**«Гитарада ойнау»
номинациясы бойынша**

I орын

Филология және әлем тілдері факультетінің студенті
Мадихан Балмағанбет

II орын

Журналистика факультетінің студенті
Батыржан Жұмаділов

III орын

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті
Абылайхан Байжұма

**«Актерлік шеберлігі»
номинациясы бойынша**

I орын

Тарих, археология және этнология факультетінің студенті
Дильназ Шалабай

II орын

Филология және әлем тілдері факультетінің студенті
Сымбат Ілиясова

III орын

Журналистика факультетінің студенті
Лиза Батырашева

III орын

Химия және химиялық технология факультетінің студенті
Аружан Аманбай

**«Жас ақындар» номинациясы бойынша
«Көрермен көзайымы»**

Журналистика факультетінің студенті
Борис Алмас

**«Классикалық би» номинациясы
бойынша «Көрермен көзайымы»**

Тарих, археология және этнология факультетінің студенті
Аружан Жанабай



Шығыс ойшылдың мерейтойы мен философия күніне орай ҚазҰУ-да ұйымдастырылған «Әл-Фараби және қазіргі заман» халықаралық байқауының жеңімпаздары анықталды

Қоршаған ортаны сақтап қалу, адам өміріне қолайлы, жағымды экологиялық жағдайды қалыптастыру мәселелері ХХ ғасырдың аяғынан бастап үлкен маңыздылыққа ие болуда. Қазіргі таңда елімізде ғана емес бүкіл әлемде экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері аса өзекті болып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау маңызды



Аталмыш мәселер бүгінгі күні көптеген ғылымдардың еңбектерінде, көптеген ғылыми басқосуларда талқыланып, шешілу жолдары іздестіріліп, экология саласында қаншама халықаралық құжаттар қабылданып қол қойылса да, әлі де шешімін таба алмай отырған мәселелер қатарында. Осыған орай ел ауқымында қабылданып жатқан шаралар да аз емес. Дегенмен, бұл экологиялық мәселелерді әрбір мемлекет жеке дара өз бетінше шешуі әрине мүмкін емес, сондықтан аймақ мемлекеттерінің бірігіп келісе отырып әрекет етуі қажет. Сондықтан, мәселеміз ортақ көрші мемлекеттермен серіктестікті арттыру және байланысты күшейту басты мақсат болып тұр.

Осындай экологиялық мәселердің шешемін табуда халықаралық тәжірибе алмасу мен біліктілікті арттырудың

маңызы зор. Еліміздің осы мақсатқа жету жолында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де өз үлесін қосуда.

Атап айтқанда, ҚазҰУ-дың тұрақты дамуы бойынша ЮНЕСКО кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы онлайн өткен «Қоршаған ортаны қорғау және «жасыл даму» саласындағы әлеуметтік серіктестік» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты.

Конференцияға Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ЮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша кластерлік бюросы, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасы депутаты А.Е. Карповтың қоғамдық қабылдау бөлімі және т.б. қатысты.

Пленарлық отырыста тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Т.А. Базарбаева «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» серпінді жобасын іске асыру» тақырыбында баяндама жасады.

Конференцияға қатысушылар қатарында мемлекеттік органдар, Ресей мен Орталық Азиядағы (Қазақстан, Қырғызстан және т.б.) жоғары оқу орындарының ғалымдары мен студенттері, қоғамдық ұйымдар мен дін өкілдері (католиктер, мұсылмандар, православдар) болды.

Конференция Жануарлар мен өсімдіктер әлемі, тіршілік ету ортасын сақтау, климаттың өзгеруі, дін қызметкерлерінің қоршаған ортаны қорғаудағы рөлі, экология және жасыл даму саласындағы жастардың бастамалары тақырыптары негізінде баяндамалар жасады.

Атаулы конференцияны Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының депутаты А.Е. Карповтың қоғамдық экологиялық қабылдауы, Тюмень индустриалды университеті, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Эко-Көкше» экологиялық орталығы» қоғамдық бірлестігі бірлесе отырып ұйымдастырды.

**Г. ТАНАБЕКОВА,
А. ОШАҚБАЙ,**

тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары

1992 жылы қыркүйек айында сол кездегі астанамыз Алматы қаласында Президентіміздің тікелей бастамасымен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы шақырылды. Осы Құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Оның төрағасы болып Елбасымыз бірауыздан сайланды.

Құрылтай онлайн форматта өтті

Қазақстанға келіп сапалы білім алуы үшін оларға бөлінетін грант квотасын нақтылап, талапкерлермен жүйелі жұмыс жүргізу; үшіншісі – шеттегі қазақтардың Қазақстанмен жан-жақты байланыс орнатуына көмектесу; төртіншісі – қандастарымыз тұратын елдерде ұлттық мәдениет пен өнердің кеңінен таралуына жәрдемдесу; бесіншісі – шетелдерде кіші құрылтайларды тұрақты өткізіп тұру. Шетелде қазақтардың шағын құрылтайларын өткізу тәжірибесі Қазақстан мен басқа елдер арасындағы гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған, сондай-ақ шетелдегі отандастарға салт-дәстүрлерді сақтауға, қазақ тілін үйренуге және мәдени-гуманитарлық жобаларды іске асыруға практикалық көмек көрсетуге арналған.

Этникалық қазақтар көп шоғырланған елдерде жыл сайын өткізілетін Қазақтардың кіші құрылтайы 21 қазанда "Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы" РҚБ мен "Отандастар қоры" КеАҚ бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен онлайн-форматта Өзбекстанда өткізілді.

Іс-шараға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы шет елдермен ұлтаралық қатынастар және достық байланыстар комитетінің бөлім басшысы Феруз Беков, "Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы" РҚБ төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков, Өзбекстандағы қазақ-мәдени орталығының төрағасы Серікбай Үсенов, сондай-ақ "Отандастар қоры" КеАҚ, Қазақстан мен Өзбекстанның Ташкент, Сырдария, Науаи, Бұхара, Хорезм облысы және тағы басқа елдердегі қазақ ұлттық мәдени орталықтарының басшылары мен ҚР мемлекеттік мекемелердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, сонымен қатар, өнер қайраткерлері де қатысты. Аталмыш құралтайға әль – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары осы факультетті бітіріп кеткен түлектері мен дайындық кафедрасында білім алып жатқан шет елдерден келген қаракөз қандастарымыз да қатысты.

Іс-шара барысында министр А. Балаева, Өзбекстан Республикасы Қазақстан

үшін бауырлас ел екенін атап өтіп, біздің елдерімізде тілдер мен дін, мәдениет пен руханият бір-бірімен байланысты екенін атап өтті. Екі мемлекет арасындағы белсенді өзара қарым-қатынасы мен шетелдегі қандастарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы айтып берді. Құрылтайда негізі атқарылатын шаралар мен жүзеге асыратын жобалар жайында мәселелер мен ұсыныстар жайында да тоқталды.

Білім іздеген қандастарымыздың қай кезде де қазақ топырағынан білім нәрін алуға мүмкіндігі бар екеніндігін еліміздегі білім ордасының қара шаңырағы-әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып жатқан жастардан көруге болады. Бізде әр мемлекеттен келген қандастарымыз білім алуда және алған білімдерімен Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

**Г. ЫДРЫСОВА,
А. ҮСЕНБЕКОВА,**

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.